7.1. Барлық бакалавр білім беру бағдарламаларының студенттері "Қазақстан тарихы" пәні бойынша мемлекеттік емтихан тапсырады.

7.2 Мемлекеттік емтихан өткізуді "Қазақстан тарихы" оқу пәнін оқытатын кафедра факультет деканатымен және ТО бірлесе отырып жүзеге асырады.

7.3 "Қазақстан тарихы" пәні бойынша мемлекеттік емтиханды өткізу үшін кафедра аталған пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы негізінде оқудың барлық нысаны мен ББ үшін бірыңғай оқу жұмыс бағдарламасын әзірлейді.

7.4 "Қазақстан тарихы" пәні бойынша мемлекеттік емтихан жазбаша түрде өткізіледі. Өткізу нысанын факультеттің Оқу-әдістемелік комитетінде талқылап, университеттің Оқу-әдістемелік комитетінде бекітуге ұсынады.

7.5 "Қазақстан тарихы" пәні бойынша мемлекеттік емтихан комиссиясының төрағасы Сенат шешімі негізінде, комиссия құрамы факультет деканының ұсынысы негізінде ағымдағы оқу жылының 1-қарашасынан кешіктірілмей университет ректорының бұйрығымен бекітіледі және ол бір оқу жылы бойы қолданыста болады. Мемлекеттік

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	2-ші нұсқа
Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі		68 беттің 17-ші беті

емтихан комиссиясы профессорлардан, доценттерден, жоғары білікті мамандардан құрылады.

7.6 МЕК отырыстарының кестесін факультет мамандары академиялық күнтізбеге сәйкес құрады және оны университет ректоры мемлекеттік емтиханның басталуына дейін екі аптадан кешіктірмей бекітеді.

7.7 МЕК өткізу үшін мемлекеттік емтихан комиссиясы құрылады. МЕК отырысының ұзақтығы күніне 6 (алты) академиялық сағаттан аспауы тиіс.

7.8 МЕК отырыстары әр студент бойынша жеке хаттамамен осы Ереженің 23-қосымшасына сәйкес ресімделеді және оған комиссия төрағасы мен отырысқа қатысқан мүшелер қол қояды.

7.9 МЕК отырысының хаттамасын аталған пән бойынша сабақ беретін кафедраның ПОҚ арасынан тағайындалған хатшы жүргізеді.

7.10 МЕК отырысының хаттама бланкілері мемлекеттік емтихан басталмастан бұрын А4 форматында брошюраланып, нөмірленіп, бумаланады және Академиялық департаменттің мөрімен бекітіледі, ТО тарапынан хаттама бланкісі МЕК хатшысына беріледі және толтыру түсіндірме жұмыстары жүргізіледі.

7.11 Егер студент МЕК отырысына келмесе, хаттамасында оның фамилиясының тұсына «желген жоқ» деген жазу жазылады.

7.12 Білім алушы мемлекеттік емтихан қорытындысымен келіспесе, емтихан өткізілген күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей МЕК-ке апелляция беруіне болады.

7.13 "Қазақстан тарихы" пәні бойынша мемлекеттік емтихан өту кезінде білім бағалауға қатысты даулы мәселелер осы ереженің 9-тармағына сәйкес жүргізіледі.

7.14 Апелляция өткізу үшін университет ректорының бұйрығымен аталған пән бойынша тәжірибелі оқытушылар қатарынан "Қазақстан тарихы" пәні бойынша апелляциялық комиссия құрылады.

7.15 Апелляция қанағаттанарлық болған жағдайда МЕК-сы мәжілісінің хаттамасы қайтадан ресімделеді. Мұндай жағдайда бірінші хаттамадағы қорытынды «Баға _____ № _____ хаттамамен қайта қаралды _____ бет» деген жазумен өзгертіледі және оған қатысқан МЕК-сы мүшелерінің бәрі қол қояды.

7.16 Мемлекеттік емтихан қорытындысы білім алушылардың білімін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағаланады. Бұл ретте, пән бойынша қорытынды бағаны санау үшін білім алушы екі аралық бақылаудың нәтижесі бойынша және мемлекеттік емтихандық (қорытынды) бақылау бойынша оң бағалар алуы қажет. Қорытынды бағаны санау мына формула бойынша жүргізіледі: Қорытынды баға = $(АБ1+АБ2)/2 \times 0,6 + ҚБ \times 0,4$.

7.17 "Қазақстан тарихы" пәні бойынша мемлекеттік емтиханнан білім алушылардың оқудағы жетістіктерін төрт балдық жүйе бойынша сандық эквивалентке сәйкес бағалаудың әріптік жүйесіндегі "FX" белгісіне сәйкес келетін "қанағаттанарлықсыз" баға алған жағдайда, білім алушы оқу пәнінің бағдарламасын қайта өтпей-ақ қорытынды бақылауды ақысыз Академиялық күнтізбеде көрсетілген мерзімде бекітілген қайта тапсыру кестесіне сәйкес бір реттен артық емес қайта тапсырады.

7.18 Білім алушы "Қазақстан тарихы" пәні бойынша мемлекеттік емтиханнан «"F" белгісіне сәйкес келетін "қанағаттанарлықсыз" баға алған жағдайда, ол ақылы түрде келесі академиялық кезеңде немесе жазғы семестрде осы пәнге қайта жазылып оның барлық оқу сабақтарына қайта қатысып, ағымдық бақылау талаптарын орындап, тапсырады.

7.19 "Қазақстан тарихы" пәні бойынша мемлекеттік емтиханның қорытындысы осы емтиханды тапсыру көзделген аралық аттестаттаудың қорытындысын шығару барысында есепке алынады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	2-ші нұсқа
Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі		68 беттің 18-ші беті

8 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ ӨТКІЗУ

8.1 Жалпы ережелер

8.1.2 Қорытынды аттестаттаудың кредиті МЖМС талаптарына сәйкес белгіленеді.

8.1.1 Білім алушыларды қорытынды аттестаттау Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (ары қарай – ЖБ МЖМС) белгіленген нысандарда осы ереже бойынша өткізіледі.

8.1.3 ЖБ МЖМС сәйкес кадр даярлау бағыттары бойынша (қажет жағдайда жеке ББ үшін) қорытынды аттестаттауды өткізу нысанын кадр даярлаушы кафедралар/Академиялық комитеттер 30 қарашаға дейін дербес айқындап, университеттің Оқу-әдістемелік комитетінде бекітеді.

8.1.4 Қорытынды аттестаттауды өткізу рәсімін анықтайтын :

- тапсырылатын кешенді емтихандар саны және әр кешенді емтихандағы бейінді пәндердің тізбесі;

- емтихан түріне, емтихан сұрақтарына (тест сұрақтарына), өткізу тәртібіне, бағалау саясатына саясатына қойылатын талаптар белгіленген кешенді емтихан бағдарламалары;

- дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбы мен мазмұнына, құрылымы және безендірілуіне, жазылу тәртібіне, бағалау саясатына қойылатын талаптар белгіленген нұсқаулық;

- шығармашылық емтихандар түріне, өткізу тәртібіне, бағалау саясатына қойылатын талаптар белгіленген шығармашылық емтихандар бағдарламалары т.б. даярлау бағыттары бойынша нормативтік құжаттарды кадр даярлаушы кафедралар/Академиялық комитеттер 30 қарашаға дейін дербес әзірлеп, университеттің Оқу-әдістемелік комитетінде бекітеді.

8.1.5 Денсаулық сақтау кадр даярлау бағыты бойынша бакалавриаттың қорытынды аттестаттау екі кезең түрінде жүзеге асырылады:

1-кезең – тестілеу емтиханы;

2-кезең – объективті құрылымдалған клиникалық емтихан әдісімен практикалық дағдыларын аттестаттау тапсыру.

8.1.6 Интернатура мен резидентурада білім алушыларды Қорытынды аттестаттау оқытудың қорытынды нәтижелері Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілген Денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары білім алушыларының білімі мен дағдыларын бағалау, түлектерінің кәсіптік даярлығын бағалау, денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіптік даярлығын бағалау қағидаларына сәйкес екі кезеңде жүргізіледі:

1-кезең – білімді бағалауды (компьютерлік тестілеу);

2-кезең – дағдыларды бағалауды қамтиды.

8.1.7 Дипломдық жұмыстың (жобаның) ғылыми жетекшісі университет Оқу-әдістемелік комитетінің шешімі негізінде университет ректорының бұйрығымен тақырыптың атауы көрсетіле отырып, диплом жұмысы/жобасы қорғалатын оқу жылы 31-желтоқсанға дейін әр білім алушыға/жобалық топтарға дербес бекітіледі.

8.1.8 Дипломдық жұмыстың (жобаның) рецензенттері университет ректорының бұйрығымен жұмыс орындары және лауазымы көрсетілген кафедра меңгерушісінің ұсынысы бойынша жалпы тізіммен бітіру жұмысын қорғауға дейін бір айдан кешіктірмей бекітіледі.

8.1.9 Бакалаврларға тиісті бейіндегі оқытушылармен және (немесе) кемінде 10 жыл жұмыс өтілі бар даярлық бейіні бойынша еңбек қызметін жүзеге асыратын мамандармен студенттердің дипломдық жұмыстарына (жобаларына) ғылыми жетекшісі тағайындалады.

8.1.10 Қорытынды аттестаттауды дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау деп анықтаған ББ білім алушы келесі жағдайларда дипломдық жұмысты (жобаны) қорғаудың

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	2-ші нұсқа
Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі		68 беттің 19-ші беті

орнына білім беру бағдарламасына сәйкес бейінді пәндері бойынша екі кешенді емтихан тапсыра алады:

- денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтаманың негізінде стационарда ұзақ емделуде (бір айдан артық);

- ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғалар, оның ішінде мүгедек балалар, бала кезінен мүгедектер, I- топтағы мүгедектер;

- жүкті әйелдер немесе екі жасқа толғанға дейінгі бала тәрбиелейтіндер;

Кешенді емтихан тапсыру үшін білім алушылар университет ректорының атына өтініш жазады және тиісті құжатты ұсынады. Дипломалды практика басталу мерзімінен бір ай бұрын өтініштерін қабылдау аяқталады. Дипломдық жұмыстың немесе дипломдық жобаның орнына екі кешенді емтихан тапсыратын білім алушылар дипломалды практикасын университетте қабылданған ереже бойынша өтеді.

8.1.11 Аттестаттау комиссиясының (АК) төрағасы Сенат шешімі негізінде, құрамы факультет деканының ұсынысы негізінде ағымдағы жылдың 10 қаңтарынан кешіктірілмей университет басшысының бұйрығымен бекітіледі және ол бір күнтізбелік жыл бойы қолданыста болады.

Аттестаттау комиссиясының (АК) төрағасының білімі және (немесе) ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган берген/таныған ғылыми дәрежесінің және(немесе) PhD философия докторы/бейіні бойынша доктор (академиялық) дәрежесінің және(немесе) ғылыми атағы бар, сонымен қатар мамандығы бойынша жоғары кәсіптік білім бар, практикалық тәжірибесімен қоса басқарушылық қызмет атқаратын лауазымды тұлға бола алады.

8.1.12 АК құрамына оның мүшелері құқығымен: факультет деканы немесе кафедраның меңгерушісі кіреді. АК-ның басқа мүшелері бітіруші кадр даярлаушы мамандардың тиісті бейініне сәйкес келетін профессорлардан, доценттерден, жоғары білікті мамандардан, яғни 5 адамнан аспайтын аттестаттау комиссиясы құрылады. АК хатшысы кадр даярлаушы кафедра оқытушылары арасынан тағайындалады. АК төрағасына ақы сағаттық мөлшерде төленеді: бір білім алушыға 0,5 академиялық сағат мөлшері есебінен, бірақ күніне 6 академиялық сағаттан аспауы тиіс.

8.1.13 Бітіруші курстың білім алушысы жұмыс және жеке оқу жоспары талаптарын, оқу жұмыс бағдарламасын орындамаса, оқу курсына қайта оқуға қалдырылады, олар үшін жазғы семестр ұйымдастырылмайды.

8.1.14 Жоғары білім беру бағдарламалары бойынша қорытынды аттестаттау өткізу үшін АК жұмысының кестесін құру тиісті деканатқа жүктеледі. АК-ның жұмыс кестесін университет ректоры бекітеді және аттестаттау комиссиясының жұмысы басталғанға дейін 2 апта қалғанда білім алушылардың назарына жеткізіледі. Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғауға күніне 15-20 адамнан жіберіледі. Кешенді емтихан тапсыруға лекпен жіберіледі.

8.1.15 АК-ның барлық отырыстары хаттамамен (қосымша 24, 25, 26) рәсімделеді, АК хатшысы толтырады. АК хатшысы АК-ның отырыстары хаттамаларын 1 апта бұрын Тіркеуші офісінен алады. АК отырысының хаттамалары әр білім алушыға жеке толтырылады (Кешенді емтихан тест формасында өткізілген жағдайда, хаттама толтыруға емтихан ведомосы негіз болып табылады).

Хаттамаға Қорытынды аттестаттау барысында анықталған білімдердің бағалары енгізіледі, сондай-ақ берілген сұрақтар мен АК мүшелерінің пікірлері жазылады. Егер АК-ның бір мүшесінің пікірі комиссияның қалған мүшелерінің пікірлерімен сәйкес келмеген жағдайда, ол өз пікірін хаттамаға жазуға және өзі қол қоюға құқығы бар. Қате толтырылған және/немесе толтырылмаған бос бланкілер Z белгісімен сызылып, жарамсыз күйге келтіріледі. Хаттамада «бакалавр» дәрежесін немесе біліктілік беру, білім алушыға

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	2-ші нұсқа
Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі		68 беттің 20–ші беті

қандай диплом (үздік немесе үздік емес) берілетіні көрсетіледі. Хаттамаға АҚ-ның төрағасы мен отырысқа қатысушы мүшелері қол қояды. АҚ хатшысы аттестаттау комиссия мүшелерінің дауыстарын есептейді, тіркейді, университеттің автоматтандырылған ауу.edu.kz домені бар жүйесіне баға қояды. АҚ жұмысы біткеннен кейін барлық хаттамалар университет мұрағатына сақтауға тапсырылады.

8.1.16 Қорытынды аттестаттауға білім беру бағдарламаларының, жұмыс және жеке оқу жоспарлары мен оқу жұмыс бағдарламаларының талаптарына сәйкес оқу үдерісін толық аяқтаған студенттер ғана жіберіледі. Денсаулық сақтау кадр даярлау бағыты бойынша қорытынды аттестаттауға білім беру бағдарламаларының, жұмыс және жеке оқу жоспарлары мен оқу жұмыс бағдарламаларының талаптарына сәйкес оқу үдерісін толық аяқтаған, алайда 6-курсқа өту балын (GPA) ала алмаған білім алушы, клиникалық іс-практикамен байланысты емес өз ББ бойынша жұмыс жасау немесе оқуын магистратурада жалғастыру үшін, өз өтініші негізінде қорытынды аттестаттауға жіберіледі.

8.1.17 Білім алушыларды қорытынды аттестаттауға жіберу білім алушылардың тізімі тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), білім беру бағдарламасы көрсетіле отырып қорытынды аттестаттауға факультет деканының өкімімен рәсімделіп, 1 апта бұрын АҚ-ға ұсынылады.

8.1.18 Қорытынды аттестаттау басталғанға дейін АҚ келесі құжаттар ұсынылады:

- студенттерді қорытынды аттестаттауға жіберу туралы өкім;

оқытудың барлық кезеңіндегі студенттер үлгерімінің орта салмақ баға өлшемдері GPA есептелген транскрипт.

8.1.19 Қорытынды аттестаттау қорытындысы тапсырылған күні жарияланады.

8.1.20 Білім алушы қорытынды аттестаттаудың нәтижелерімен келіспесе, аттестаттау өткізілгеннен кейінгі бір жұмыс күннен кешіктірмей апелляцияға беруіне болады.

8.1.21 Апелляция өткізу үшін факультет декандарының ұсынысы негізінде университет басшысының бұйрығымен біліктілігі бейініне сәйкес келетін тәжірибелі оқытушылардан апелляциялық комиссия құрылады. Апелляция өткізу тәртібі осы ереженің 9-тармағына сәйкес жүргізіледі.

8.1.22 «Қанағаттанарлықсыз» баға алғаннан кейін денсаулық жағдайы туралы АҚ-на ұсынылған құжаттар қарастырылмайды.

8.1.23 Бағаны жоғарылату мақсатында Қорытынды аттестаттауды қайта тапсыруға/қорғауға рұқсат берілмейді.

8.1.24 «Қанағаттанарлықсыз» деген баға алған тұлғаларға Қорытынды аттестаттауды қайта тапсыруға/ қорғауға қорытынды аттестаттаудың осы кезеңінде рұқсат берілмейді.

8.1.25 Қорытынды аттестаттауға бекітілген кестеге сәйкес дәлелді себеппен келмеген білім алушы АҚ төрағасының атына өтініш жазады, дәлелді себепті растайтын құжатты ұсынады және оның рұқсатымен осы АҚ-ның басқа отырысы болған күні емтихан тапсыруына / қорғауына болады. Қорытынды аттестаттауға бекітілген кестеге сәйкес дәлелді себеппен келмеген жоба тобының мүшесі дәлелді себепті растайтын құжатты ұсынып жоба топтың толығымен басқа күнге қорғауға ауысуына өтініш жасай алады.

Қорытынды аттестаттауға бекітілген кестеге сәйкес келмеген білім алушыға АҚ хатшысы хаттамаға «келмеген» белгі қояды. Қорытынды аттестаттау мерзімі аяғына дейін білім алушы дәлелді себепін ұсынбаған жағдайда хаттамадағы «келмеген» белгі университеттің автоматтандырылған ауу.edu.kz домені бар жүйеде «F-қанағаттанарлықсыз» бағасына қояды.

8.2 Кешенді емтихандарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі

8.2.1 Емтихан сұрақтарын құрастыру бойынша талаптар:

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	2-ші нұсқа
Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі		68 беттің 21-ші беті

- емтихан сұрақтарының күрделілік дәрежесі қалыптастырылатын пәннің оқыту нәтижелеріне байланысты болуы тиіс;

- кешенді емтихан сұрақтары пәннің оқыту нәтижелерін Блум таксономиясы негізінде бағалау бойынша деңгейлік сұрақтарды дайындауда бакалавр үшін қолдану деңгейінде. (қосымша 5)

Кешенді емтиханды бағалау критерийлері академиялық мерзім басында дайындап, бағдарламасында көрсетеді, білім беру бағдарламалары бойынша **кешенді** емтихан бағдарламасы университеттің Оқу-әдістемелік комитетінде талқыланып, бекітіледі. Емтиханға келген білім алушының бағалау критерийлері туралы толық мағлұматы болуы керек. Жазбаша емтиханның жауап парақтарын тексеретін ПОҚ-ы **бағалау критерийлерін** қолданады.

Емтихан жұмыстарын бағалау бағдарламада көрсетілген критерийлерге сәйкес 100-балдық жүйеде жүзеге асырылады. Ол үшін білім алушының берген жауабының толықтығы есепке алынады.

8.2.2 АК отырысының хаттамалары осы Ереженің 25, 26-қосымшаларына сәйкес АК жұмысы басталғанға дейін А4 форматында жеке кітапшада нөмірленіп, бумаланады және Академиялық департаменттің мөрімен белгіленеді.

АК хатшылары қорытынды аттестаттаудың **кешенді емтиханды** өткізу үшін ҚА комиссиясына келесі құжаттарды ұсынады:

- қорытынды аттестаттауға жіберу туралы өкімі (факультет деканы);
- бітірушінің транскрипті (ТО);
- қорытынды аттестаттаудың кешенді емтихан билеттері (ОЖҰБ, қосымша 4);
- ҚА тапсыратын түлектер тізімі (әр күнге – АК хатшысы);
- АК төрағасы мен мүшелерін бекіту туралы бұйрықтың көшірмесі (АК хатшысы);
- бітірушінің жеке куәлігі (АК хатшысы).

8.3 Диплом жұмысын (жобасын) қорғауды ұйымдастыру, өткізу және рәсімдеу тәртібі

8.3.1 Дипломдық жұмыстар (жобалар) плагиаттық мәніне қатысты тексеруден өтеді. Плагиатқа тексеру жүйеден теріс нәтиже алған білім алушыларға дипломдық жұмысын (жобасын) қорғауға жіберілмейді.

8.3.2 АК-ға орындалған дипломдық жұмыстың (жобаның) ғылыми және практикалық құндылықтарын сипаттайтын басқа да материалдар, ресми емес пікірлер, диплом жұмысының (жобаның) бейіні бойынша практикалық қызметті жүзеге асыратын ұйымның жазбаша қорытындысы, ғылыми зерттеу нәтижелерін енгізу анықтамалары немесе актілері, макеттер, минералдар жинағы, гербарий басқа да материалдар ұсынылуы мүмкін.

8.3.3 Ғылыми жетекшісінің оң пікірі және қорғауға ұсынылатын жұмыс бейініне сай келетін маман тарапынан бір рецензиясы болғанда білім алушы/ топ диплом жұмысын (жобасын) қорғауға шыға алады. Дипломдық жұмысты (жобаны) бағалауда ғылыми жетекші мен рецензенттің сын-пікірі және бітірушінің теориялық, ғылыми тәжірибелік дайындығының деңгейі ескеріледі.

8.3.4 Егер ғылыми жетекші «**қорғауға жіберілмейді**» деген қорытынды берген жағдайда, білім алушы дипломдық жұмысты (жобаны) қорғай алмайды. Білім алушы рецензент қандай пікір (оң, теріс) берсе де дипломдық жұмысты (жобаны) қорғай алады.

8.3.5 Қорғауға кафедра алдын ала қорғаудан өткен, жұмысы толық аяқталған және ғылыми жетекші мен кафедра меңгерушісі қол қойған жұмыстар ғана жіберіледі.

8.3.6 Білім алушы АК хатшысына төмендегі құжаттарды ұсынылады:

- баспаға шығарылған, түптелген, ереже бойынша рәсімделген дипломдық жұмыс (жоба) 1 экземпляр;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	2-ші нұсқа
Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі		68 беттің 22-ші беті

- дипломдық жұмыстың (жобаның) электронды нұсқасы жүктелген диск
- дипломдық жұмыс (жобаның) ғылыми жетекшісінің **«қорғауға жіберіледі»** немесе **«қорғауға жіберілмейді»** деген дәлелді қорытындысы берілген пікірі;
- қорғауға ұсынылған дипломдық жұмыстың (жобаның) жан-жақты мінездемесі және білімді бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағасы көрсетілген дәлелді қорытындысы және тиісті Білім беру салалары мен деңгейлеріне бойынша «бакалавр» дәрежесін немесе біліктілігін беру мүмкіндігі туралы рецензия;
- кадр даярлаушы кафедраның қорғауға ұсынымдамалары туралы шешімі (кафедра отырысы хаттамасының көшірмесі);
- дипломдық жұмысты (жобаны) плагиаттық мәніне қатысты тексеруден өткізу туралы анықтама.

8.3.7 АК отырысының хаттамалары осы Ереженің *24-25-қосымшаларына* сәйкес АК жұмысы басталғанға дейін А4 форматында жеке кітапшада нөмірленіп, бумаланады және Академиялық департаменттің мөрімен белгіленеді.

8.3.8 АК хатшылары қорытынды аттестаттаудың дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау үшін аттестаттау комиссиясына ұсынылатын құжаттар тізбесі:

- қорытынды аттестаттауға жіберу туралы өкімі (факультет деканы);
- бітірушінің транскрипті (ТО);
- дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбын және жетекшісін бекіту туралы бұйрықтың көшірмесі (АК хатшысы);
- дипломдық жұмысы (жоба) (кафедра меңгерушісі мен дипломдық жұмыстың (жобаның) жетекшісінің қолымен расталған) (АК хатшысы);
- дипломдық жұмыстың (жобаның) қорғайтын бітірушілердің тізімі (әр күнге – АК хатшысы);
- дипломдық жұмысты (жобаны) алдын ала қорғау жөніндегі комиссия отырысы хаттамасының көшірмесі (АК хатшысы);
- дипломдық жұмысты (жобаны) плагиатқа тексеруден өткені туралы **бағалау хаттамасы** (АК хатшысы)
- АК төрағасы мен мүшелерін бекіту туралы бұйрықтың көшірмесі (АК хатшысы);
- бітірушінің жеке куәлігі (АК хатшысы).

8.4 Қорытынды аттестаттау нәтижелерін жариялау рәсімі

8.4.1 Кешенді емтихан немесе дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау аяқталғаннан кейін қорытынды аттестаттау нәтижелері өткізілген күні жарияланады.

8.4.2 Аттестаттау комиссия мүшелерінің дауыс беру нәтижелері негізінде хаттама жасалады, оған АК төрағасы, мүшелері, АК хатшысы қол қояды.

8.4.3 АК хатшысы аттестаттау комиссия мүшелерінің дауыстарын есептейді, тіркейді, университеттің автоматтандырылған yuu.edu.kz домені бар жүйесіне баға қояды.

8.4.4 Дәрежені беру бойынша дауыс беру рәсімі аттестаттау комиссияның барлық мүшелерінің қатысуымен алқалы талқылау арқылы жүзеге асырылады. Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау бағалары туралы, берілетін дәрежесін тағайындау және біліктілік беру немесе өзіндік, мемлекеттік үлгідегі (үздік емес, үздік) диплом беру туралы шешім АК мүшелерінің отырысына қатысушылардың көпшілік дауысымен жабық отырыста ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Дауыстар саны тең болған жағдайда АК төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

8.4.5 АК-ның жұмысы аяқталғаннан кейін оның төрағасы есеп жасайды және екі апта мерзім ішінде университет басшысына тапсырады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	2-ші нұсқа
Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі		68 беттің 23-ші беті

8.4.6 АК төрағасының есебі бір ай мерзім ішінде университет Сенат отырысында талқыланады және бекітіледі.

8.4.7 АК төрағасы есебінде төмендегілер көрсетіледі:

- университетте осы ББ бойынша кадр даярлаудың деңгейі;
- білім алушыларды кешенді емтихандарда анықталған білімдерінің сипаты, жекелеген пәндер бойынша мамандар даярлаудың кемшіліктері;
- дипломдық жұмыстың (жобаның) орындалу сапасы;
- дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыптарының қазіргі заманғы ғылымның, техниканың, мәдениеттің жай-күйіне және өндірістің талабына сәйкестігі;
- ББ бойынша кадрлар даярлау сапасына талдау;
- кадр даярлауды одан әрі жетілдіру жөнінде нақты ұсыныстар.

8.4.8 АК төрағасының есебіне жоғары білім бағдарламасын оқып бітірген, білім ұйымының басшысы қол қойып, берілген дипломның нөмірі, тегі, аты, әкесінің аты көрсетілген бітірушілердің тізімі жалғанады.

8.4.9 Қорытынды аттестаттаудан өткен және оқу бағдарламасын меңгергендігін дәлелдеген білім алушыға АК шешімімен «бакалавр» дәрежесі немесе маман біліктілігі тағайындалып, қорытынды аттестаттау нәтижесі негізінде университет басшысының білім алушыларды шығару туралы бұйрығымен мемлекеттік (тек қана Денсаулық сақтау даярлау бағытына) және өзіндік үлгідегі диплом (3 тілдегі дипломға қосымшасымен) ақысыз беріледі.

8.4.10 Дипломға қосымша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында қарастырылған көлемде білім алушының оқу жоспарын орындағаны туралы анықтама негізінде оның барлық пәндер бойынша алған бағаларына сәйкес тапсырылған курстық жұмыстар (жобалар), практика мен қорытынды аттестаттау нәтижелерінің түрлері негізінде толтырылады. Диплом қосымшасында оқудың және (немесе) ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысының барлық түрлері бойынша көлемі кредит және академиялық сағат түрінде көрсетілген балдық-рейтингтік әріптік білімді бағалау жүйесі бойынша соңғы бағалар жазылады.

8.4.11 Жоғары білім беру бағдарламасы бойынша білім алатын және үлгерімінің (GPA) орта балы 3,5-тен төмен емес, кезінде оқу пәндері мен оқу қызметінің басқа түрлері бойынша А, А – «өте жақсы», В-, В, В+, С+ - «жақсы» деген қорытынды бағалары бар, сондай-ақ кешенді емтихан және (немесе) диплом жұмысын (жобасын) А, А – «өте жақсы» деген бағаға тапсырған жоғары білім беру бағдарламасы бойынша оқыған білім алушыға үздік диплом (оқытудың қосымша түрлері бойынша бағасын ескермегенде) беріледі.

8.4.12 Оқудың барлық кезеңі ішінде қорытынды бақылауды (емтиханды) қайта тапсырғаны немесе қайталап тапсырғаны бар білім алушыға үздік диплом берілмейді.

8.4.13 АК-тың құзырына төмендегілер кіреді:

- жоғары білім беру бағдарламаларын бітірген білімгерлердің қол жеткізген оқыту нәтижелері мен құзіреттерін бағалау;
- тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «бакалавр» дәрежесін және (немесе) тиісті біліктілік тағайындау;
- жоғары білім туралы диплом беруге шешім қабылдау;
- білім беру бағдарламасын одан әрі жетілдіруге бағытталған ұсыныстар әзірлеу.

8.4.14 Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын оқып бітірген университетті бітірушілердің тізімі олардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), білім беру бағдарламасының аты және университет ректоры қол қойып, берілген дипломның нөмірі көрсетіле отырып, бітіру туралы бұйрық шыққаннан кейін бір ай мерзім ішінде білім беру саласындағы уәкілетті органға ұсынылады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	2-ші нұсқа
Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі		68 беттің 24-ші беті

8.5 Қорытынды аттестаттаудан өтпеген білім алушылар

8.5.1 Қорытынды аттестаттаудың «қанағаттанарлықсыз» баға алып тапсыра алмаған, білім беру бағдарламаларының талаптарын орындамаған, білімі аяқталмаған бітіруші білім алушыларына анықтама беріліп, университеттен білім алушы қатарынан оқудан шығарылады.

8.5.2 Қорытынды аттестаттау нәтижесінде оқудан шығарылған білім алушы келесі академиялық кезеңнің басталуына дейін қорытынды аттестациядан өту үшін университетке қайта қабылдауға ректордың атына өтініш жазады.

8.5.3 Қорытынды аттестаттауға қайта жіберу университет басшысының бұйрығымен рәсімделеді.

8.5.5 Қорытынды аттестаттауды өту үшін қайта қабылданған тұлғаға жеке оқу жоспары теориялық курсты аяқтаған жылы қолданыста болған оқу жоспары бойынша белгіленеді және алдыңғы қорытынды аттестаттаудан қанағаттанарлықсыз баға алған нысандар бойынша ғана өткізіледі.

8.6 Жалпы ережелер (Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша)

8.6.1 Магистратура бағдарламасы бойынша қорытынды аттестаттау магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау түрінде, резидентура бағдарламалары бойынша кешенді емтихан түрінде өткізіледі.

Білім алушыларды қорытынды аттестаттаудың ұзақтығы мен мерзімі академиялық күнтізбеге және ББ негізгі оқу жоспарларына сәйкес белгіленеді.

8.6.2 Қорытынды аттестаттауға білім беру процесін аяқтаған және білім алушының жұмыс және жеке оқу жоспары талаптарын толық орындаған білім алушылар жіберіледі:

Магистратура бағдарламалары бойынша оқудың аяқталуының негізгі өлшемшарты білім алушылардың:

- ғылыми-педагогикалық магистратурада магистранттың оқу және ғылыми қызметінің барлық түрін қоса алғанда, оқудың барлық кезеңінде кемінде 120 академиялық кредитті мөлшерінде анықталған;

- бейінді магистратурада 1 жыл оқу мерзімімен 60 академиялық кредитті және 1,5 жыл оқу мерзімімен 90 академиялық кредитті игеруі болып табылады;

Резидентура бағдарламалары бойынша оқудың аяқталуының негізгі өлшемшарты: академиялық кредиттердің белгіленген көлемін игеру және біліктілікті беру үшін күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізу кезінде резидентураның тиісті мамандығы бойынша дәрігер резидентураның білім беру бағдарламасы толық игерілген болып есептеледі

8.6.3 Бітіруші курстың жұмыс және жеке оқу жоспарлары мен оқу жұмыс бағдарламаларының талаптарын орындамаған білім алушылары жазғы семестрден өткізілмей, қайтадан оқу курсына қалдырылады.

8.6.4 Магистратурада білім беру бағдарламалары бойынша магистрлік диссертацияны (жоба) қорғау үшін, сонымен қатар резидентура білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардан кешенді емтихан қабылдау үшін Аттестаттау комиссиясы құрылады. АҚ төрағасы Сенат шешімі қаулысының негізінде, құрамы факультет деканының ұсынысы негізінде ағымдағы жылдың 10 қаңтарынан кешіктірілмей университет басшысының бұйрығымен бекітіледі және ол бір күнтізбелік жыл бойы қолданыста болады.

8.6.5 АҚ төрағалығына ғылыми дәрежесі немесе ғылыми атағы бар, немесе философия (PhD) докторы немесе бейіні бойынша доктор бітіруші мамандардың тиісті бейініне сәйкес келетін және осы ұйымда жұмыс жасамайтын тұлға тағайындалып,

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	2-ші нұсқа
Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі		68 беттің 25-ші беті

сонымен қатар факультет деканы немесе кафедраның меңгерушісі кіреді. АК-ның басқа мүшелері бітіруші кадр даярлаушы мамандардың тиісті бейініне сәйкес келетін профессорлардан, доценттерден, жоғары білікті мамандардан, яғни 5 адамнан аспайтын аттестаттау комиссиясы құрылады. АК хатшысы кадр даярлаушы кафедра оқытушылары арасынан тағайындалады. АК төрағасына ақы сағаттық мөлшерде төленеді: бір білім алушыға 0,5 академиялық сағат мөлшері есебінен, бірақ күніне 6 академиялық сағаттан аспауы тиіс.

8.6.6 АК отырысы оның жұмысына комиссия құрамының кемінде үштен екі мүшесі қатысқан жағдайда, заңды саналады.

8.6.7 Денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары түлектерінің кәсіби даярлығын бағалау екі кезеңнен тұрады:

- 1) білімді бағалау;
- 2) дағдыларды бағалау.

Кәсіптік даярлықты бағалау түлектің таңдаған тілінде (қазақ, орыс немесе ағылшын) жүргізіледі.

Түлектерді бағалауды бағалау жөніндегі ұйым жүргізеді.

Білім мен дағдыларды бағалау жөніндегі ұйымың немесе келісім бойынша денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдарының базасында жүргізіледі

8.6.8 АК жұмысының кестесін құру факультет мамандары мен тиісті деканатқа жүктелінеді. АК-ның жұмыс кестесін университет ректоры бекітеді және аттестаттау комиссиясының жұмысы басталғанға дейін 2 апта қалғанда білім алушылардың назарына жеткізіледі. АК отырысының ұзақтығы күніне 6 академиялық сағаттан аспауы тиіс және күніне қорғауға 15-20 адамнан жіберіледі.

8.6.9 Магистранттарды ҚА-ға ҚА басталардан 2 апта бұрын жіберу факультет декандарының ұсынысы негізінде ректордың бұйрығымен жүзеге асырылады. Ректордың бұйрығын тіркеуші офис дайындайды.

Резиденттерді қорытынды аттестаттауға жіберу білім алушылардың тізімі тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), білім беру бағдарламасы көрсетіле отырып қорытынды аттестаттауға факультет деканының өкімімен рәсімделіп, 1 апта бұрын АК-ға ұсынылады.

8.6.10 Шетелдік білім беру ұйымдарынан берілген тиісті білімі туралы құжаты бар білім алушы оны Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығы нострификацияламаса, ҚА-ға жіберілмейді.

8.6.11 Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламасын игергенін растаған және қорытынды аттестаттаудан өткен білім алушыға аттестаттау комиссияның шешімімен "магистр" дәрежелері немесе тиісті білім беру бағдарламасы бойынша біліктілік тағайындалады және бітіру туралы бұйрығының жарияланған күнінен бастап бес күн ішінде қосымшасы бар диплом тегін негізде беріледі.

8.6.12 Транскрипте қосымшада барлық оқу пәні, тапсырылған курстық жұмыстар (жобалар), ғылыми-зерттеу немесе эксперименталды-зерттеу жұмыстары, кәсіптік практика түрлері, қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша көлемі кредит және академиялық сағат түрінде көрсетілген балдық-рейтингтік әріптік білімді бағалау жүйесі бойынша соңғы бағалар жазылады.

8.6.13 Қорытынды аттестаттаудан өтпеген тұлғалар келесі оқу жылында, қорытынды аттестаттау басталғанға дейін бір айдан кешікпей, ЖЖОКБҰ басшысының атына қайта қорытынды аттестаттауға жіберуге рұқсат беру туралы өтініш жазады.

8.7 Білім алушыларды магистрлік диссертацияны (жобаны), докторлық диссертацияны қорғауға жіберу және қорғау рәсімі

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	2-ші нұсқа
Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі		68 беттің 26–ші беті

8.7.1 Білім алушылар (магистрант) магистрлік диссертация (жоба) тақырыбы бойынша ғылыми басылымдарда, журналдарда, немесе халықаралық немесе республикалық ғылыми конференцияларда жарияланған ең кемі бір жарияланым бар болған жағдайда қорғауға жіберіледі

8.7.2 Бітіру жұмысын қорғау ғылыми жетекшінің оң пікірі болған жағдайда жүзеге асырылады. Талаптарға сәйкес ресімделген, ғылыми жетекшінің пікірі және сыртқы рецензенттер пікірі бар болған жағдайда магистрлік диссертация/жоба жұмысы қорғауға ұсынылады.

Магистрлік диссертацияны/жобаны шет тілінде дайындау және қорғау кафедрада таңдалған шет тілін меңгерген және кеңесші көмегін көрсетуге қабілетті маман болған жағдайда рұқсат етіледі.

8.7.3 Ғылыми жетекшінің және рецензент пікірлеріне қол қойылуы қажет және қолдары тиісті ұйымдардың мөрімен расталуы тиіс. Ғылыми жетекші және рецензент пікірлерінде магистранттың жасаған жұмысына қысқаша сипаттама береді, оның өзектілігін, теориялық пысықтау деңгейін және тәжірибелік маңыздылығын, магистранттың алдына қойылған міндеттерді шешуінің толықтығын, тереңдігін және түпнұсқалығын атап өтеді, сондай-ақ жұмыстың қорғауға дайындығы туралы ұсыныс береді. Ғылыми жетекшінің және рецензент пікірлерінде магистрлік диссертацияның/жобаның қойылатын талаптарға сәйкестік дәрежесі көрсетіледі (*Қосымша-27*).

8.7.4 Кафедра магистрлік диссертацияның/жобаның көпшілік алдында қорғауға дайындық дәрежесін анықтау мақсатында алдын ала қорғауды ұйымдастырады.

Диссертациялық жұмысты/жобаны көшіріп жазған мәтін алынған дереккөзге және оның авторына сілтеме жасамай пайдалану мәніне тексеру (диссертацияны плагиат мәніне тексеру) ҚР МЖМБС сәйкес жүзеге асырылады (мәтіні электрондық тасымалдауышқа жазылған болуы тиіс).

8.7.5 Рецензент университет ректорының бұйрығымен бітіру жұмысын қорғауға дейін бір айдан кешіктірмей біліктілігі (ғылыми дәрежесі) қорғалатын жұмыс бейініне сәйкес келетін; факультет декандарының ұсынысы негізінде тағайындалады. Рецензент Аттестаттау комиссияның мүшесі болмауы тиіс, магистранттың ғылыми жетекшісі, университет қызметкері болмауы тиіс. Рецензенттерді тағайындау туралы бұйрықты тіркеуші офис дайындайды.

8.7.6 Бітіру жұмысы сырттай рецензенттің теріс пікірі болған күннің өзінде қорғауға ұсыныла алады. Бұл жағдайда, рецензенттің диссертацияны қорғауға қатысуы міндетті.

8.7.8 Докторлық диссертацияларды қорғауды ұйымдастыру мен өткізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6951 болып тіркелген) Ғылыми дәрежелерді беру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Магистрлік диссертацияны/жобаны қорғау рәсімі

8.7.9 Магистрлік диссертацияны/жобаны қорғау төменде аталғандар болған жағдайда жүзеге асырылады:

- ғылыми жетекшінің оң пікірі;
- диссертация тақырыбы бойынша ғылыми басылымдарда кемінде бір жарияланым немесе халықаралық не республикалық ғылыми конференцияда бір баяндама;
- шығарушы кафедраның қорғауға ұсыну туралы шешімі (кафедра мәжілісінің үзінді көшірмесі, Антиплагиат хаттамасы);
- сыртқы сарапшыдан бір рецензия;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	2-ші нұсқа
Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі		68 беттің 27-ші беті

– магистрлік диссертацияның/жобаның қағазға басып шығарылған және «PDF» пішімінде электронды тасымалдаушыға жазылған бір данасы.

Ғылыми жетекші «*қорғауға жіберілмейді*» немесе «*қорғауға ұсынылмайды*» деген теріс пікір берген жағдайда магистрант диссертацияны қорғауға жіберілмейді.

8.7.10 Магистранттың оқудың барлық кезеңінде қол жеткізген оқу жетістіктері (GPA) туралы мәліметтерді факультеттер ұсынады.

8.7.11 Ғылыми жетекшінің қорғауға қатысуы міндетті. Ол негізді себеппен қорғауға қатыса алмаған жағдайда, қорғауды өткізу мүмкіндігі мәселесін АК шешеді.

8.7.12 АК-ның бір отырысында 15-20-дан аспайтын жұмыс тыңдалып, қорғауға қабылдануы мүмкін. Диссертацияны/жобаны қорғау АК ашық отырысында оның кемінде 2/3 мүшелерінің қатысуымен өткізіледі.

Факультет АК-ның келесі ақпаратты қамтитын тізімін ұсынады:

- магистранттың тегі мен аты;
- магистрлік диссертацияның/жобаның тақырыбы;
- ғылыми жетекшінің тегі, ғылыми дәрежесі және ғылыми атағы;
- рецензенттің тегі, ғылыми дәрежесі және ғылыми атағы.

8.7.13 АК төрағасы диссертацияның қорғалатынын хабарлап (тізімге сәйкес қорғау тәртібімен), тақырыптың атауын, ғылыми жетекшінің және рецензенттің аты-жөнін, лауазымдарын, ғылыми дәрежелері мен ғылыми атақтарын жариялайды.

8.7.14 Магистрант жұмыстың мақсаты мен міндеттері; оның өзектілігі мен практикалық құндылығы; негізгі идеясы және қысқаша негіздемелерін бере отырып, аса маңызды тұжырымдарын баяндап, таныстырылым-баяндама жасайды. Баяндаманың ұзақтығы – 7-10 минут.

8.7.15 Жоба таныстырылған жағдайда, жобаның белгілі бір бөлімдерінің авторлары өз бөлімдері бойынша жеке-жеке баяндама жасайды.

8.7.15 Баяндамасын аяқталғаннан кейін магистрант(-тар) диссертация/жоба таныстырылымының мазмұны бойынша АК мүшелерінің сұрақтарына жауап береді.

8.7.16 Ғылыми жетекшінің пікірі тыңдалып, рецензенттің пікірі оқылады. Олар болмаған жағдайда пікірді АК хатшысы оқиды.

8.7.17 Магистрант(-тар) диссертация бойынша негізгі сұрақтарға немесе ескертулерге қысқаша жауап береді.

8.7.18 Диссертация / жоба бойынша кейінгі пікірталасқа қорғауға қатысушылардың барлығы қатысуға құқылы.

8.7.19 Магистрантқа қорытынды сөз беріледі.

8.7.20 Әрбір магистранттың диссертациясын қорғау нәтижелері бойынша АК мүшелерінің жабық кеңесінде диссертацияны қорғаудың қорытынды бағасы шығарылады және магистрантқа тиісті дайындық бағыты бойынша «магистр» дәрежесін беру (немесе оны алып тастау) туралы шешім қабылданады. Жұмыс баллдық әріптік жүйе бойынша бағаланады.

8.7.21 Бітіру жұмысын бағалау келесі өлшемдер бойынша жүзеге асырылады:

- тақырыптың өзектілігі және оның ашылу дәрежесі, зерттелетін мәселенің белгілі бір аспектілерін дамытудың қазіргі жағдайы мен келешегіне, магистрлік диссертацияларды/жобаны орындаудың жалпы мақсаттары мен практикалық міндеттеріне сәйкестігі;

- зерттеудің нысаны мен объектісін нақты анықтай білу, мақсат-міндеттерін және жұмыс гипотезасын қалыптастыра білу;

- диссертацияның/жобаның мазмұндық жағы: ұсынылған материалдың қисындылығы мен дәйектілігі, толықтығы мен репрезентативтілігі, жалпы сауаттылығы;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	2-ші нұсқа
Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі		68 беттің 28-ші беті

- жұмыс тақырыбы бойынша монографиялық және мерзімді әдебиеттерге сыни талдау жасай білу, зерттелетін мәселе тарихының және оның қазіргі жай-күйінің сипаттамасын беру;

- алынған нәтижелерді талдай және жалпылай білу, негізді қорытындылар жасай білу және практикалық ұсыныстар бере білу;

- тағылымдама (практика) барысында алынған нәтижелердің шынайылығы және оларды пайдалану мен байқаудан өткізу дәрежесі;

- диссертация/жоба бойынша ғылыми жарияланымдардың болуы, магистранттың ғылыми конференциялар мен семинарларда жасаған баяндамалары;

- титул парағының, жұмыс мәтінінің, библиография мен қосымшалардың қабылданған стандарттарға сәйкес ресімделуі;

- диссертациялық жұмысты/жобаны қорғау: жұмыстың негізгі мазмұнын қысқаша баяндай білу және оның теориялық және практикалық маңызын көрсете білу; өз пікірін дәлелдей, қорғай білу, пікірталас жүргізе білу.

8.7.22 АК отырысының хаттамалары белгіленген тәртіппен ресімделеді. АК шешімдері осы Ереженің тиісті нысаны бойынша хаттамамен әрбір магистрантқа жеке ресімделеді.

8.7.23 АК отырысының хаттамалары осы Ереженің *28-29-қосымшаларына* сәйкес АК жұмысы басталғанға дейін А4 форматында жеке кітапшада нөмірленіп, бумаланады және Академиялық департамент директорының мөрімен бекітіледі.

8.7.24 АК әрбір мүшесінің бағасы хаттамаға қол қою арқылы расталады.

8.7.25 Қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша факультет декандарының ұсынысы негізінде ЖЖОКБҰ басшысының магистранттар қатарынан оқудан шығару туралы бұйрығы шығарылады және магистратураның тиісті білім беру бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған және қорытынды аттестаттаудан сәтті өткен магистрантқа «магистр» дәрежесі беріледі және дипломмен бірге оқу жоспарына сәйкес игерілген кредиттер саны мен олар бойынша алынған бағалар және оқылған пәндер тізімі қамтылған транскрипт беріледі.

8.7.26 Таңдалған мәселе бойынша ғылыми тұрғыда негізделген шешімдер берілген қызықты жұмыстарды ашық басылымдарда жариялау және/немесе практикаға, университеттің оқу үдерісіне енгізу үшін ұсынуға болады.

8.7.27 АК жұмысы біткеннен кейін барлық хаттамалар университет мұрағатына сақтауға тапсырылады.

8.7.28 АК-тың жұмысы аяқталған күннен кейін оның төрағасы білім алушылардың қорытынды аттестаттау жөнінде есеп жазады және бір ай мерзім ішінде университет Сенат отырысында талқыланады және бекітіледі. АК төрағасының магистранттарды қорытынды аттестаттау жөніндегі есебіне осы Қағидалардың келтірілген кестелер мен түсіндірме жазба енеді.

Түсіндірме жазбада мыналар көрініс табады:

- аталған ББ бойынша магистрлардың дайындық деңгейлері;

- магистрлік диссертацияларды (жобаларды) орындаудың сапасы;

- магистрлік диссертация (жоба) тақырыбының ғылымның, техниканың, мәдениеттің қазіргі жай-күйіне және өндірістің сұранысына сәйкестігі;

- аталған ББ бойынша магистрларды даярлау сапасына талдау;

- магистрларды даярлаудағы кемшіліктер;

- магистрлік диссертацияларды (жобаларды) қорғау деңгейінің кафедра шешіміне, ғылыми жетекшісінің пікіріне, рецензиясына сәйкестігі;

- магистрларды даярлауды одан әрі жетілдіру бойынша нақты ұсынымдамалар.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	2-ші нұсқа
Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі		68 беттің 29-ші беті

8.7.29 Жоғары білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын оқып бітірген бітірушілердің тізімі олардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), білім беру бағдарламасы және берілген дипломның нөмірі көрсетіле отырып, білім беру ұйымының басшысы қол қойып, бітіру туралы бұйрық шыққаннан кейін бір ай мерзім ішінде білім беру саласындағы уәкілетті органға ұсынады және университет сайтына шығарады.

Докторлық диссертацияны қорғауға ұсыну

8.7.30 Докторант тиісті жоғары оқу орнының Ғылыми дәрежелерді беру қағидаларына және Диссертациялық кеңес туралы ережесіне сәйкес диссертациялық кеңеске қажетті құжаттар тізбесін ұсынады.

8.7.31 Университет қорғауға жіберілген докторанттың диссертациялық жұмысын қарауға қабылдау туралы өтінішпен диссертациялық кеңеске қатынас хат жібереді. Диссертацияны қорғау рәсімі қабылдаушы ЖЖОКБҰ талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

8.7.32 Бейін бойынша PhD докторы дәрежесін Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті диссертациялық кеңестердің қолдау хаттары негізінде, Комитеттің консультативтік-кеңесші органы болып табылатын тиісті сараптамалық кеңестің қорытындыларын ескере отырып, докторантурада оқуды аяқтаған Қазақстан азаматтарына, шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ адамдарға береді.

8.7.33 Диссертация ғылыми дәрежелерін алу үшін докторанттар ұсынған Ғылыми дәрежелерді беру қағидаларына сәйкестігін бағалауды Комитет жүзеге асырады.

8.7.34 Диссертацияны қорғау үшін құжаттарды уақтылы ұсынбаған (ХҚТУ докторантурасындағы оқуын аяқтағаннан кейінгі жырты жылдан кешіктірген) жағдайда, докторант шығарушы кафедра алдын ала қорғаудан қайта өтеді, ол үшін:

- ректор атына диссертацияны қайта алдын ала қорғау рәсімінен өтуге рұқсат беру туралы өтініш жазады;
- ХҚТУ докторанты диссертацияны қайта алдын ала қорғау рәсімінен тегін негізде өтеді;
- шығарушы кафедра ғылыми зерттеу нәтижелері туралы тыңдап, диссертацияның қорғау талаптарына сәйкестігі туралы қорытынды шығару үшін кафедраның кеңейтілген отырысын ұйымдастырып, сол отырысты өткізгеннен кейін докторантқа хаттаманың үзінді көшірмесін береді;
- ЖБКББ диссертацияны қорғауға қабылдау туралы ректордың қолы қойылған ұсынымхат дайындап, диссертациялық кеңеске ұсынады;

Бітіру жұмысын қайта қорғауы және қорғауды ауыстыру (Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша)

8.7.35 Білім алушы қорғауға дәлелді себептермен қатыспаған жағдайда АҚ қорғауды неғұрлым кейінгі мерзімге (1 (бір) жылдан аспайтын уақытқа) ауыстыру туралы шешім қабылдайды.

9. АТТЕСТАТТАУ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ АПЕЛЛЯЦИЯ ӨТКІЗУ

9.1 Апелляциялық комиссия университеттің барлық білім беру бағдарламаларындағы білім алушылардың (тыңдаушылар, бакалавриат, интернатура, резидентура, магистратура және PhD докторантура) аралық және қорытынды аттестаттаудан, «Қазақстан тарихы» пәнінен Мемлекетті емтиханнан өту кезінде білім бағалауға қатысты даулы мәселелердің шешілуі мен бірыңғай талаптардың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында құрылады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	2-ші нұсқа
Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі		68 беттің 30–ші беті

9.2 Егер білім алушы қойылған бағаның дұрыс емес екеніне сенімді болса, онда оны апелляциялық комиссиясының төрағасына өтініш жазуына болады. Өтініш аттестаттау нәтижелері шыққаннан кейін бір жұмыс күні ішінде қарастырылады.

9.3 Апелляциялық комиссия құрамына: төраға, төраға орынбасары, апелляцияланатын пән профиліне біліктілігі сәйкес келетін үш оқытушы-профессор құрамынан жасақталған комиссия мүшелері кіреді. Апелляциялық комиссия құрамы университет ректорының бұйрығымен бекітіледі.

9.4 Өтінішті апелляция комиссиясы төрағасының атына білім алушы жеке өзі беруі керек осы Ереженің *30-қосымшасына* сәйкес. Апелляцияға екінші тұлғадан, білім алушының ата-анасы тарапынан өтініш қабылданбайды.

9.5 Апелляцияға өтінішті білім алушы оқитын факультеттегі декан орынбасары қабылдап, білім алушының өтініші мен жұмысын апелляцияланатын пәнді қарастыратын комиссия құрамына өткізеді.

9.6 Апелляция өтініш білдірген білім алушының қатысуынсыз қарастырылуы мүмкін.

9.7 Апелляция комиссиясының мәжілісіне өзге тұлғалардың қатысуына тыйым салынады.

9.8 Апелляция үш кезеңде өтеді:

– өтініштерді қабылдау – емтихан нәтижесі автоматтандырылған жүйеге қойылғаннан кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде;

– апелляциялық комиссияның апелляциялық өтінішті, алынған жұмыстың нәтижелерін қарауы және шешім қабылдауы өтініш бергеннен кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде жүзеге асады.

9.9 Апелляциялық комиссия білім алушылардың өтініштерін (шағымдану себептерін нақтылап жазуы керек) мына мәселелерге байланысты қарайды:

- сұрақтың дұрыс тұжырымдалмағанына (тест тапсырмасы үшін);
- мазмұны бойынша оқу бағдарламасына сәйкес келмеуіне.

9.10 Егер мәжіліске төраға немесе төраға орынбасарымен қоса есептегенде, ең кемі Комиссияның үш мүшесі қатысса, комиссия шешім қабылдауға құқылы.

9.11 Апелляциялық комиссияның шешімдері көпшілік дауыспен қабылданады.

9.12 Апелляцияны қарау барысында, Комиссия мүшелері, емтиханды тапсыру нәтижелерінің бағасы туралы дәлелді, жазбаша қорытынды шығарады, хаттама толтырады (*қосымша 31*).

9.13 Апелляциялық комиссия білім алушыға қосымша сұрақтар қоюға және жазба жұмысына түзетулер енгізуге құқығы жоқ.

9.14 Апелляциялық комиссияның емтиханда қойылған бағаны күшінде қалдыруға, жоғарылатуға немесе төмендетуге құқығы бар.

9.15 Апелляциялық комиссия мүшелері апелляцияларды қарау мерзімінің ереже талаптарынан тыс созылып кетуіне мүмкін мәселелер мен қиындықтар туралы төрағаға уақытылы хабарлап отыруға, апелляциялық жұмыстарға байланысты құпиялықты сақтауға, өздеріне жүктелген қызметтерді жоғары кәсіби деңгейде орындауға міндетті.

9.16 Апелляциялық комиссияда келіспеушілік туындаған жағдайда дауысқа салу жүргізіледі, шешім көпшілік дауыспен бекітіледі. Дауыстар тең болған жағдайда апелляциялық комиссия төрағасының дауысы шешуші болып есептеледі.

9.17 Апелляция бойынша қойылған баға жөніндегі апелляциялық комиссияның шешімі соңғы шешім болып есептеледі.

9.18 Апелляциялық қараудан кейін комиссия аралық аттестация бағасы жөнінде соңғы шешімді қабылдап, білім алушыларға шешім туралы жазбаша хабарлайды.

9.19 Апелляция шешімі хаттамамен бекітілуі тиіс.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	2-ші нұсқа
Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі		68 беттің 31-ші беті

9.20 Апелляция комиссиясының хаттамада бекіткен шешімі ТО жіберіледі. Шешімнің негізінде білім алушыға жеке емтихан тізімдемесі жасалып, ол негізгі емтихан тізімдемесіне қоса тіркеледі.

9.21 Тізімдемеге төраға, тең төраға, комиссия төрағасының орынбасары және апелляция комиссиясының мүшелері қол қояды.

9.22 Хаттама қатаң есептік құжат ретінде бір оқу жылы ішінде Тіркеуші офисте, ал тізімдеме деканатта сақталады.

9.23 Апелляциялық комиссия емтихан сұрақтарын оқу бағдарламасына сәйкес емес, дұрыс емес деп тапқан жағдайда, апелляциялық комиссия төрағасы берілген сұрақтарды құрастырушы оқытушыларға, кафедра меңгерушісіне, қатысты тәртіптік шара қолданылуы жайлы университеттің тәртіпті комиссиясына ұсыныс беруге міндетті.

10 ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

10.1 Университеттің осы ережесін басқару және оған өзгерістер енгізу ҚП-ХҚТУ-7.5.3-2020 сәйкес жүзеге асады.

10.2 СМЖ құжатына енгізілген өзгерістер «өзгерістерді тіркеу қағазында» тіркелуі тиіс.

